

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ИНДУСТРИАЛДЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Н. М. Махамбет, магистрант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Облыстың экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің жағдайы мен дамуын талдау және оның бәсекелестік мүмкіндіктерін зерттеу облыстың индустриалды-инновациялық дамуының басты стратегиялық мақсаты, өндірістік өнімнің экспортын көбейту мен импортын азайту арқылы бұл салаға жаңа заманғы технологиялар мен құрал-жабдықтарды тарту негізінде облыстың жаңа заманғы бәсекеге қабілетті өнеркәсіптік кешенін құру екендігін көрсетеді.

Анализ состояния и развития основных показателей экономического развития области и исследования его конкурентных возможностей выявляет, что главной стратегической целью индустриально-инновационного развития области является формирование современного конкурентоспособного промышленного комплекса области на основе диверсификации и привлечения в отрасль современных технологий и оборудования для уменьшения импорта и увеличения экспорта производимой продукции.

The analysis of condition and development of main model of economical growth and research of competitive possibility is discovered, general strategic purpose of industrial-innovational development of region is formation of modern competitive industrial complex of region is based on diversification and attraction into the branch of modern technology and equipment for decrease of imports and increase of export producing products.

Экономиканың қазіргі заманғы кезеңінде дамыған елдерде инвестициялық қызметтің мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары жағымды инвестициялық жағдайды туғызу, несиелік-қаржылық, салықтық құралдарды пайдалану мен тиімді инвестициялық және ғылыми-техникалық саясатты дайындауға бағытталған. Инвестициялық стратегия мен саясаттың ұлттың моделін құрастыруда Қазақстан экономикасына бейімдей отырып, үлкен әлемдік тәжірибені қолдану қажет.

Қойылған мақсатқа орай облыста келесідей мәселелер шешілуде:

- ішкі және сыртқы нарықтағы өнім сұранысын дамыту мен қажеттілікті есепке ала отырып, өндірілетін өнімді дамытудың басым бағыттарын дамыту;
- техникалық қайта жабдықтау мен қайта кәсіптендіруді жетілдіру негізінде өндірісті диверсификациялау;
- өнімнің экспортты бағытын дамыту;
- машина жасаудың кластерлі дамуын қалыптастыру;
- салалардың сервистік қамтылуын дамыту мен кеңейту;
- нақты тұтынушылар қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған өндірісті дамыту;
- ғылыми-техникалық дайындамаларды коммерциализациялауда инновациялық ақпараттың қызметін көрсетуді қамтамасыз ететін жаңа заманғы инновациялық инфрақұрылымды өнеркәсіп кәсіпорындарда қалыптастыру және дамыту;
- инвестицияларды тарту;
- өнім сапасының халықаралық стандарттары мен өндірісті басқару менеджментін енгізу;

- жоғары, бастауыш және орта техникалық және кәсіби білімі бар білікті кадрларды даярлау.

Бәсекелестік күресте артықшылықтарға қол жеткізудің бірден бір құралы аймақтың белсенді жайғалымдық тәсілі болып табылады. Аймақтық басқаруда қолданылатын «позициясын анықтау» терминінде аймақтың әртүрлі урбаникалық иерархия жүйелеріне қатынасы бойынша орны мен рөлі біріктіріледі [1].

SWOT – талдау маркетингтік зерттеулер нәтижелері (ҚР-ның басқа аймақтарымен салыстырғандағы облыстың бәсекеге қабілеттілік факторларының талдауы және облыстың тарихи тұрғыдан мамандандырылып қалыптастырылған талдауды БҚО-ның бәсекелестік артықшылығын күшейтудің негізі болды.


ҚР-ның 2015 жылға дейінгі аймақтық даму стратегиясы БҚО-ның мамандандырылған салалары ретінде мұнай газды игеру және мұнай-газ өңдеу өнеркәсібін, машина жасау, ауылшаруашылық өнімін қайта өңдеу, ағаш өңдеу өнеркәсібін, құрылыс материалдары өндірісін анықтады [2].

БҚО-ның позициясының анықталуы Қазақстанның басқа аймақтарымен (ұлттық деңгей), Ресей федерациясымен (көрші 5 облыс) және ТМД-ның басқа елдерімен (Әзірбайжан) салыстырыла қарастырылады.

Облыстың Ресейдің 5 экономикасы дамыған аймағымен шектесетін есепке ала отырып, ол Ресей Федерациясы мен Қазақстанның арасын байланыстыратын негізгі орталық ретінде көрсету керек [3].

Машина жасау кластері мен саланың бәсекеге қабілеттілігі Ресеймен салыстырғанда айтарлықтай артады. 2008 жылы металл және бұйымдар экспорты олардың ішінде 13,9 млн. АҚШ долларын құрады, бұған дейін 2004 жылы 7,2 млн. АҚШ долларын құрады.

Облыс импортын құраушылар – минералды өнімдер, машиналар, құрал жабдықтар және көлік құралдары, химиялық өнеркәсіп өнімдері және тамақ өнімдері (1 сурет).



1-Сурет – 2008 жылғы негізгі тауарлық топтар бойынша импорт құрылымы

Тамақ өнімдерінің импорт үлесі әлі күнге дейін жоғары болып қалып отыр, бірақ жалпы алғанда аймақтық тамақ кластерін құру жолымен ауылшарушылық өнімін қайта өңдеу сапасын дамыту есебінен жеке ауылшарушылық өнімімен толықтай қамтамасыз бола алады. Мұнай, конденсат және газ орындарының болуы облыстық әлемдік нарықтағы бәсекелестік артықшылығын қамтамасыз етеді.

БҚО алғашқы мұнай өңдеу өнімдері мен минералды шикізатты өндіруші, әрі жеткізуші ретінде өндірістік азық технологияларын енгізу есебінен ұлттық, аймақтық және әлемдік кеңістікте өз ұстанымдарын күшейтіп және сақтап қалады. Минералды шикізат экспортынан түскен пайда облыс экономикасының өңдеу салаларының дамуына мүмкіндік жасап, Қазақстанның әлемдік экономикалық жүйемен байланыс жасауына өз үлесін қосады. Құрылыс материалдары өндірісі үшін арналған шикізаттың облыста бар болуы құрылыс кластерін құру мен дамыту базасында құрылыс материалдары өнеркәсібінің дамуы үшін алғы шарт болып табылады.

БҚО машина жасау саласының дамуы үшін жақсы қамтылған. Облыста электр техникалық құрал-жабдық, машинаның құрал-жабдығы, құбырларға арналған қосалқы бөлшектер, ауылшарушылық тауарлары өндірімесі, олар тек ішкі нарыққа ғана емес, сондай-ақ Ресейге де экспортталады.

БҚО-ның ұлттық экономикада (Қазақстанның басқа аймақтарымен салыстырғанда) позитивтілігін анықтау:

1. Минералды шикізатты өндіруші немесе жеткізуші (мұнай, газ) және алғашқы қайта өңдеу өндірістерін өндіруші және жеткізуші;
2. Құрылыс материалдарын (цемент, әктас, керамзитті сазбалшық құрылыс кірпіші, металл құрылымдар және т.б.) өндіруші және жеткізуші;
3. Ауылшарушылық өнімін (бидай, ет, астық, өнімдері) өндіруші немесе жеткізуші;
4. Мұнай-газ саласына арналған құрал-жабдықтар мен арматуралар, арнаулы машиналарды (өрт автомобильдері, кіші және орташа тонналы судалар) өндіруші және жеткізуші;
5. Демалыс орталығы, тарихи жерлер, су ресурстары, аң аулау орындары;
6. Инновациялық орталықтар.

БҚО-ның аймақтық экономикада (Ресей және ТМД мемлекеттерімен салыстырғанда) позитивтілігін анықтау:

1. Минералды шикізатты (мұнай, газ) өндіруші және жеткізуші;
2. Көлік коммуникациялық желі;
3. Нан өнімдерін өндіруші немесе жеткізуші.

БҚО минералды, құрылыс материалдарын, өнеркәсіптік және ауылшаруашылық өнімін өндіруші ретінде қарастырады.

Облыстың экспорт құрылымында 2005 ж мұнай және газ конденсаты 97,4 пайыз, қара металл және бұйымдар – 1,9 %, нан өнімдері 0,3 %-ды құрады.

Облыс минералды шикізатты және агроиндустриалды потенциалын, инвестициялық тартымдылығын және инновациялық технологиялардың дамуын пайдалана отырып, ішкі және аймақтық нарықтарда жоғары технологиялы өнеркәсіптік және ауылшаруашылық өнімін жеткізушілердің ең ірілерінің бірі бола алады [4].

Аймақтың нарықтық жағдайын бағалау үшін мына салалар бойынша диагностика (SWOT талдау) технологиясы қолданылады (1 кесте) өнеркәсіп және инфрақұрылым, ауыл шаруашылығын және адам капиталын дамыту.

БҚО сервистік орталық ретінде өзін былайша көрсетеді:

- Аймақтық дистрибуция орталығы, яғни облыста өз өнімін аймақта өндіру үшін тауар өндірушілерге тиімді жағдайлар туғызатын және Ресей нарығына бағытталған ірі сауда – логистикалық орталықтарын құру;

- Транзитті – логистикалық орталық, яғни облыста Европа мен Азия арасында жүк пен жолаушыларды тасымалдау үшін ыңғайлы және тиімді жағдайлар туғызу, Ресей мен алыс шетелден келген тұтынушыларға қызмет көрсетуге бағытталған көліктік – логистикалық желілерді құру.

1-кесте – Өнеркәсіп өндірісінің SWOT талдауы Батыс Қазақстан облысындағы инфрақұрылымы

1. Басым жақтары	2. Әлсіз жақтары
1.1 Көмірсутек шикізатының қорлары мен қуаттылығы 1.2 Көмірсутек шикізатын алғашқы қайта өңдеу бойынша қуаттылығы (КПК,МТУ-400) 1.3 Жоғары технологиялы құрал-жабдығы бар әскери-өнеркәсіп кешенді кәсіпорындардың болуы 1.4 Жоғары білікті персонал 1.5 Ресей федерациясының 5 облысымен көрші болу 1.6 Қоғамдық – саяси тұрақтылық және халық реформаларын қолдау 1.7 Аймақтық технопарктің жұмыс жасауы 1.8 Құрылыс материалдарын өндіру үшін шикізаттың болуы 1.9 Көлік коммуникацияларының трасшекаралық желілерінің болуы(авто және теміржолдар, магистралды құбырлар)	2.1 Өңдеу саласы кәсіпорындарындағы құрал-жабдықтардың жоғары моральдық және физикалық тозуы 2.2 Көмірсутекті терең қайта өңдеу бойынша кәсіпорындардың жеткіліксіз қуаттылығы 2.3 Бизнес-жобалау, менеджмент және маркетинг бойынша жоғары білікті мамандардың болмауы 2.4 Қоғамдық кешені өндірісіне мемлекеттік тапсырыстың азаюы 2.5 Экспорттік өнімді құрайтын шикізаттың болуы 2.6 Шығарылатын өнімнің жоғары өзіндік құны 2.7 Мұнай-газ кешеніне пайда келтіретін өнеркәсіптегі құрылымдық диспропорция 2.8 Облыстағы сақталынатын электр-энергетикалық тәуелділік 2.9 Автомобиль жолдары, электр желілері, жылу-су-канализация желілерінің техникалық жағдайының төмен деңгейі
3. Мүмкіндіктер	4. Қауіптер
3.1 «Мұнай-газ, машина жасау» кластерін дамыту 3.2 Машина жасау, мұнай химиясы, құрылыс индустриясы саласында инновациялық өндірісті құру 3.3 Мұнай-газ секторы кәсіпорындарына арналған сервистік қызметтер нарығын дамыту 3.4 Екі мәндегі өнім өндірісін игеру 3.5 Жергілікті энергия тасушы көздердің есебінен энергия ресурстарының қажеттілігін қамтамасыз ету 3.6 Көліктік логистикалық орталықпен индустриалды аймақты құру	4.1 Қазақстан ДСҰ-ға кіргеннен кейін облыс кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін жоғалту 4.2 Мұнай-газ кешенді кәсіпорындарының қоршаған ортаға тигізетін зиян мүмкіндігі 4.3 Көмірсутек шикізатына әлемдік нарықта бағалардың күрт төмендеуі

БҚО Технопарк «Алгоритм» ЖШС базасында құрылған аймақтық инновациялық орталық ретінде ұсына алады:

- Минералды шикізат пен жергілікті материалдарды кешенді пайдалану және қайта өңдеу технологиялары;

- Ауыл шаруашылығы саласындағы дайындаушылар;

- Табиғи ресурстарды рационалды пайдалану, энергияны альтернативті көздері және экология саласындағы дайындамалар;

Облыстың бәсекеге қабілетті салаларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін факторларын дамыту мақсатында келесі шаралар іске асырылатын болады:

- Облыстың ресурсты потенциалын (жер, су, минералды шикізат) рационалды пайдалану;

- Аймақтық – экономикалық ұйымдастыру мен дамыту институттарын тартумен бизнесті еңгізудің жаңа заманғы модельдерін ұсынуы;

- Жергілікті инфрақұрылымды (көліктік-коммуникациялық, әлеуметтік сала және еңбек ресурстары және т.б) дамыту.

Басым және әлсіз жақтарды нарықтық мүмкіндіктер, қауіптермен салыстыру аймақтың дамуында басым жақтарды пайдалану қажеттілігін көрсетеді.

БҚО үшін даму алгоритмін келесі матрицамен көрсетуге болады (2 кесте).
Машина жасау, мұнай химиясы және құрылыс индустриясы саласындағы инновациялық, бірікен өндірісті құру жөніндегі стратегия бағыты:

- жеке мемлекеттік әріптестік жағдайларында өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын қайта жабдықтауға инвестициялар көлемін ұлғайту;

- шағын бизнесті дамыту мен оны несиелендіруге жеңілдіктер жасау;

- өндірілетін өнімнің энергия сиымдылығын төмендету;

Қауіптердің әсерін азайту үшін стратегияны іске асыруда келесі шараларды қарастырған жөн:

- көмірсутектерді терең қайта өңдеу үшін кәсіпорындар құру

- ЖОО-да және кәсіптік-техникалық колледждерде мамандықтар тізімін кеңейтіп, орта буын мамандарын даярлау

- Біліктілікті арттыру жүйесі, тренинг, курстар сонымен қатар халықаралық орталықтар арқылы кадрларды даярлау

- Мемлекеттік тапсырысты алу бойынша әрекеттерді күшейту

- Инновациялық бағдарламаларды дамыту, жаңа заманғы технологиялады еңгізу.

Аймақтың кәсіпорындарында сапа стандарттарын еңгізу бойынша уақытында қабылданған шаралардың бұл қауіпті жоюға мүмкіндігі бар.

Аймақтың бәсекеге қабілеттілігін жоғалту күрделі факторының бірі- кәсіпорындардың негізгі қорлардың жағдайы. БҚО бойынша орташа алғанда негізгі қордың тозуы 35 %-ды құрайды [4].

SWOT әдістемесін сәтті қолдану үшін қауіптер мен мүмкіндіктерді ашқан дұрыс, сондай-ақ стратегиядағы есепке алудың аймақ үшін маңыздылығын атап өткен жөн.

2-кесте – Аймақ өнеркәсібі үшін SWOT талдау бойынша мүмкіндіктер мен қауіптерді бөліп көрсету

	Мүмкіндіктер	Қауіптер
«Басым жаққа» тәуелділік	мүмкіндіктерді іске асырудың басым жақтары	қауіптерді төмендетудің басым жақтары
Потенциалды мүмкіндіктері мен қауіпті төмендетуді толық іске асыруда пайдалануы мүмкін	Ол үшін 3.1 → 1.3; 1.4; 1.5. 3.2 → 1.1; 1.6; 1.7; 1.9. 3.3 → 1.1; 1.2. 3.4 → 1.3; 1.4; 1.7. 3.5 → 1.1; 1.2. 3.6 → 1.3; 1.5; 1.9	Ол үшін 4.1 → 1.1; 1.2; 1.3; 1.6. 4.2 → 1.3; 1.4; 1.8. 4.3 → 1.2; 1.3;
«Әлсіз жаққа» тәуелділік	әлсіз жақтар мен мүмкіндіктер	әлсіз жақтары мен қауіптер
Потенциалды мүмкіндіктер мен жоғары қауіптерді төмендетуге әсер етеді	Оған 3.1 → 2.1; 2.3; 2.5; 2.6. 2.8. 3.2 → 2.2; 2.3. 3.3 → 2.3; 2.5. 3.4 → 2.4; 2.8. 3.5 → 2.2; 2.6. 3.6 → 2.9; 2.6; 2.3.	Оған 4.1 → 2.1; 2.2; 2.3; 2.5; 2.6; 2.8. 4.2 → 2.5; 2.7. 4.3 → 2.2; 2.5; 2.7.

Мүмкіндіктер матрицасы пайдалану маңыздылығына қарай нақты әр мүмкіндіктің бағытын анықтайды.

3 кестеден көрініп тұрғандай, мұндағы мүмкіндіктердің аймақ үшін мәні зор. Барлық мүмкіндіктер ресурстық қамтамыз ету тұрғысынан қарастырылу керек. Бұдан қиын жағдайдың өнімнің бәсекеге қабілеттілігін жоғалту қаупін тудыратынын көреміз.

3-кесте – Мүмкіндіктер матрицасы

Мүмкіндіктерді пайдалану ықтималдылығы	Күшті	Орташа	Аз
Жоғары	3.5 Жергілікті энергия тасығыш көздердің есебінен энергия ресурстары қажеттілігін қамтамасыз ету	3.3 Мұнай-газ саласы кәсіпорындарына арналған сервистік қызмет көрсету нарығын дамыту	
Орташа	3.1 «Мұнай-газды машина жасау» кластерін кеңейту	3.2 Бірікен кәсіпорындар құру, сонымен қатар машина жасау, мұнай химиясы, құрылыс индустриясы саласында	
Төмен		3.4 Қос мәнді өнім өндірісін меңгеру	

Адам капиталының дамуы адам дамуының индексі арқылы көріну мүмкін. АДИ есептеуде облыс үшін «2007-2027 жылдарға арналған ҚР-ның тұрақты дамуына көшу тұжырымдамасында», ҚР Президентінің 2006 жылы 14 қарашада бекіткен №216 Үкімінде белгіленген даму көрсеткіштері есепке алынған, олардың негізгілері көрсетілген (4 кестеде).

Адам дамуының деңгейі бойынша Атырау мен Маңғыстау облыстарымен қатар 2009-2010 жылдары Батыс Қазақстан облысы да кіруі ықтимал.

Сонымен қатар ересек тұрғындардың сауаттылығы жан басына шаққандағы көрсеткішпен салыстырғанда арта түседі. 2015 жылға қарай облыс әлеуетінің өсуі еліміздің бәсекеге қабілеттілігі жоғары көш басшы 50 елдің қатарына ену көрсеткішін арттыруға қол жеткізеді.

4-кесте – Адам ресурстарын дамыту көрсеткіші

Көрсеткіштер	Нақты			Болжау		
	2005 ж.	2007 ж.	2009 ж.	2011 ж.	2013 ж.	2015 ж.
Туу көрсеткіштерінен күтілетін өмір сүру ұзақтығы, жасы	65,00	66,00	67,00	68,00	69,00	70,00
6-24 жас аралығындағы оқушылардың орташа үлесі, %	79,90	80,32	80,74	81,16	81,58	82,00
Жан басына шаққандағы нақты ЖНӨ, АҚШ долларымен	4561,7	8903,9	13082,4	16858,9	22086,9	25089,6
Туу көрсеткіші мен өмір ұзақтығының индексі	0,667	0,683	0,700	0,717	0,733	0,750
Тұрғындар сауаттылығының индексі	0,995	0,995	0,995	0,995	0,995	0,995
Жан басына шаққандағы кіріс индексі	0,637	0,750	0,814	0,857	0,902	0,926
Адам капиталының даму индексі	0,745	0,788	0,815	0,835	0,857	0,870

Батыс Қазақстан облысының көрсеткіштерінің әрбір жекелеген тобында шешілуге тиісті стратегиялық міндеттері бар:

1. Білім беру үрдісін дамыту саласында:

- 12 жылдық білім беруге көшу үшін білім беру жүйесін ақпараттық жүйелерді еңгізу негізінде жетілдіру;

- машина жасау, мұнай-газ тағам өндірісі, құрылыс саласы тәрізді техникалық бағыттағы мамандар даярлау.

2. Денсаулық сақтау және әлеуметтік мәселелер саласында:

- материалдық базаны нығайту, медициналық мекемелерді жарақтандыру, мемлекеттік мекемелер базасында жеке медициналық мекемелер желісіне емдеудің жаңа әдістерін еңгізе отырып тұрғындарға сапалы медициналық қызмет көрсету;

- аз қамтылған жағдайы төмен азаматтардың өмір сүру ауқатын жұмыссыздықты төмендету, коммуналдық тұрмыстық сала мәселелерін шешу негізінде арттыру;

3. Еңбекпен қамту, шағын кәсіпкерлікті дамыту және орта буынды қалыптастыру саласында:

- шағын кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы жағдай туғызу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне шағын несие бөліп, пайдаланылмайтын бос тұрған ғимараттар мен құралдарды пайдалану;

- мемлекеттік сату мен сатып алу тапсырыстары шеңберінде кәсіпорындардың тиісті құжаттарын рәсімдеуге ықпал ету;

4. Мәдениет, туризм, спорт салаларын дамытудағы мақсаттар мен міндеттері [5].

- Орал өңірінің бай тарихи және мәдени тәжірибесін қолдану, Ресей мен шекаралас облыстармен экономикалық мәдени байланыс орнату қазақ ұлты жиі орналасқан жерлерде ұлттық дәстүр мен патриоттық тәрбиеге басты назар аударған жастар арасындағы тәрбие мәселесіне жіті көңіл бөлу, ұлттық бірлестіктер арасында достықты нығайту;

- Қазақстандық және шет ел азаматтарын мәдени дем алуына жағдай туғыза отырып туризмді дамыту, түрлі туристік қызметтерді ұсыну, шет ел азаматтарын туризмге тарту [6].

Облыстың өнеркәсіптік-технологиялық саясатын жүзеге асыру үшін оны екі кезеңде жоспарлау қажет. Өнеркәсіптік кәсіпорындар қызметінің тиімділігін арттыру тәсілдерінің бірі – өнеркәсіптік саясатты қалыптастыру болып табылады. Облыстың өнеркәсіптік саясатының мақсаты – ішкі және сыртқы нарықтағы бәсекеге қабілетті облыстың индустриалды кешенін қалыптастыру.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Закон Республики Казахстан от 8 января 2003 года № 373-ІІ «Об инвестициях» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 31.01.2006 г.) // Казахстанская правда. – 2006. – 5 февраля – С.3-4.

2. О Стратегии индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2003-2015 годы. Указ Президента Республики Казахстан от 17 мая 2003 года N 1096 [Электронный ресурс] / Правительство РК. – Электрон. дан. Астана, 2003 – Режим доступа: <http://www.government.kz>, свободный. – Загл. с экрана.

3. Стратегия социально-экономического развития Западно-Казахстанской области на 2009-2011 гг. [Электронный ресурс] / Акимат Западно-Казахстанской области. – Электрон. дан. Уральск, 2008 – Режим доступа: <http://www.government.kz>, свободный. – Загл. с экрана.

4. Ахметов, С. А. Инновационно-кредитный фонд и производственно-инновационное предпринимательство Казахстана / С. А Ахметов // Транзитная экономика». – 2007. – № 2(59). – С. 116-122.

5. Рахматуллина, Г. Г. Структурная перестройка экономики Казахстана / Г. Г. Рахматуллина. // Казахстан Спектр. – 2008. – №3. – С. 59-64.

6. Самакова, А. Социальный итог успешных реформ / А Самакова. // Казахстанская правда. – 2007. – 6 марта. – С. 3.